



Мемлекет және құқық теориясы / Theory of State and law/ Теория государства и права

ХҒТАР 10.07.01

<https://doi.org/10.32523/2616-6844-2025-151-2-11-26>

Ғылыми мақала

Заң ғылымының дамуы: заманауи құқықтық зерттеулердегі әлеуметтік ғылым әдістерінің маңыздылығы

Б.О. Алтынбасов^{*1}, Н.Д. Мырзатаев², Қ.И. Оспанов³

¹Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

²әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан

³Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті, «Сымбат» технология және дизайн академиясы, Алматы, Қазақстан

(e-mail: ¹altynbasov@yandex.ru, ²muxametnur@mail.ru, ³kayrlyo@bk.ru)

Аңдатпа: Бұл мақалада заң ғылымында әлеуметтік ғылым әдістерін қолданудың маңыздылығы, әдістемелік әртүрлілікті кеңейтудің және құқықтық талдаудың тәжірибелік рөлін арттыру қажеттілігі қарастырылған. Зерттеу жұмысына қажетті деректер ресми ақпарат көздерінен, құқықтық және саяси құжаттардан, мемлекеттік тұжырымдамадан алынды. Алынған ақпарат тақырыптық талдау арқылы зерделеніп, заңнаманы жүзеге асырудағы негізгі үрдістер категориялар бойынша жүйеленді. Сондай-ақ, заңнаманың тиімділігін бағалау үшін құқық қолдану тәжірибесіне зерттеу және салыстырмалы құқықтық талдау жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде заң ғылымында бұған дейін қолданып келе жатқан доктриналық әдістер басымдыққа ие болғанымен, олар құқықтық нормалардың іс жүзінде қолданылуын бағалау, құқық қорғау қызметіне әлеуметтік-саяси ықпалды талдау және қарқынды дамып жатқан салалардағы құқықтық үрдістерді болжау үшін жеткіліксіз екені көрсетілді. Доктриналық әдістің әлсіз тұстарын жою үшін отандық заң ғылымында зерттеулер сапалық және сандық тәсілдерді біріктіретін пәнаралық әдістемені қолдануды ұсынады. Мұндай идеяларды жүзеге асыру үшін институционалдық қолдау, академиялық дайындық және докторантура бағдарламасында оқу жоспарын жетілдіру қажет, соның ішінде болашақ заңгерлерді халықаралық академиялық стандарттарға сәйкес тәжірибелік зерттеу дағдыларымен қамтамасыз ету маңызды. Ғылыми нәтижелер теория мен практиканың арасындағы алшақтықты жою үшін дәлелдерге негізделген құқықтық талдау қажеттігін және құқықтық жүйенің қазіргі заманғы сын-қатерлерге бейімделуін жетілдіру мүмкіндіктерін айқындайды.

Түйін сөздер: доктриналық зерттеу, заң ғылымы, әлеуметтік ғылым әдістері, құқықтық реформалар, пәнаралық тәсіл.

Түсті: 02.04.2025 Мақұлданды: 10.06.2025 Онлайн қолжетімді: 30.06.2025

Кіріспе

Жаһандану кезінде құқықтық жүйелер мен құқықтық жанұялардың бір-бірімен араласып, тоғысып, бір-бірінің ұтымды тұстарын алып жатуы заңды құбылыс. Осындай құбылыстардың нәтижесінде ұлттық құқықтық жүйелер жаңа сипатқа ие болып, жетілдіріліп отырады. Сонымен қатар, мұндай үрдістердің негізінде әлеуметтік-экономикалық салада сан алуан өзгерістер орын алып, құқықтық қатынастар күрделі сипатқа ие болады. Өз кезегінде, мұндай қатынастарды танып білу және талдау үшін заң ғылымының зерттеу әдістерінің аясын кеңейту және заман талабына сай болуы қажет болып отыр [1], [2]. Осы тұрғыдан қарағанда, заң ғылымында *тәжірибелік әдістерді*, басқаша айтқанда *әлеуметтік зерттеу әдістерін* қолдану тиімді екені ғылыми әдебиетте айтылуда [3], [2]. Ғылыми тұрғыдан қарағанда, әлеуметтік зерттеу әдістері сапалық және сандық тәсілдерді қолдану арқылы құқық пен қоғам арасындағы алшақтықты жоюға ықпал етеді. Яғни, тәжірибелік зерттеулердің нәтижесінде заңгер ғалымдар қоғамдағы шынайы мәселелерді зерттеумен айналысатын болады. Осы әдістерді кешенді түрде қолдану арқылы құқықтық зерттеулер неғұрлым динамикалық, нақты дәлелдерге негізделген және заманауи мәселелерге бейімделген бола түседі.

Мұндай тәжірибелік тұрғыдағы құқықтық зерттеулер қолданыстағы заңнама мен мемлекеттің саясатының өмірде жүзеге асырылуын бағалауда маңызды рөл атқарады. Әлеуметтік зерттеудің құралдары, яғни сауалнама, сұхбат және статистикалық талдау жүргізу арқылы алынған тәжірибелік деректер қоғамның пікірі мен әлеуметтік жүріс тұрыстарды нақты көрсетеді [2], [4]. Мысалы, сот әділдігіне қатысты алынған сауалнаманың негізінде қоғамның сот жүйесіне деген пікірін және қоғамның құқықтық санасының деңгейін анықтауға болады [5]. Сол сияқты, сот шешімдерінің мазмұнын талдау судьялардың шешім қабылдауындағы ықтимал қисынсыздықтарды немесе заңнамалық ауытқуларды анықтауға көмектеседі, бұл құқықтық жүйенің ашықтығы мен есептілігін арттырады. Демек, тәжірибелік зерттеулер сот әділдігін жүзеге асырудағы нақты мәселелерді анықтауға және сол бойынша ұсыныстар беруге көмектеседі.

Заң ғылымында тәжірибелік зерттеу әдістерін қолдану құқықтық теорияны дамытуға да ықпал етуі мүмкін. Көріп отырғанымыздай, дәстүрлі доктриналық зерттеулер құқықтық институттарды қалыптастыратын әлеуметтік факторларды кейде ескермейді, ал әлеуметтік зерттеу әдістері (socio-legal studies) осы элементтерді біріктіріп, жаңа концептуалдық идеялар ұсынуға мүмкіндік береді. Мысалы, Flyvbjerg [6] нақты бір істерді (case study) зерттеу арқылы мәселенің теориялық негізін тексеруге және жетілдіруге болады десе, ал келесі бір зерттеуші нақты бір істерге қатысты зерттеулер құқықтық тәжірибенің шынайылығын көрсететін концепциялар мен теориялардың дамуына ықпал ететінін атап кетті [7]. Яғни, тәжірибелік мәселелерді зерттеу заң ғылымының теориясын дамытуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, тәжірибелік және доктриналық зерттеу әдістерін қатар пайдаланудың тағы бір ұтымды тұсы бар. Отандық заң ғылымының тәжірибесінен көріп отырғанымыздай, дәстүрлі ғылыми зерттеулер негізінен нормативтік актілерді талдауға сүйенеді, яғни қолданыстағы заңнаманы теориялық тұрғыдан түсіндіруге бағытталған. Ал тәжірибелік зерттеу әдістері арқылы құқықтық нормаларды әлеуметтік динамика тұрғысынан қарастыруға, яғни құқықтың табиғатын экономикалық, саяси және

мәдени факторлардың ықпалымен қалыптасатын әлеуметтік құбылыс ретінде түсінуге мүмкіндік береді [8]. Ерепа мұндай пәнаралық тәсілдің құқықтық реформалар мен саяси шешімдерді нақты негізделген шешімдер арқылы (evidence-based legal reforms) жасауда маңызды деп атап кетті [9]. Яғни, тәжірибелік және доктриналық зерттеулердің бірге қолданылуы мемлекеттік органдардың саяси және құқықтық реформалар жасауда ұтымды шешімдер қабылдауына да әсерін көріп отырмыз.

Сондай ақ, әлеуметтік зерттеу әдістері құқықтық зерттеулердің сенімділігі мен объективтілігін арттырады. Заң ғылымының доктриналық зерттеу әдісі көп жағдайда жеке бір адамның субъективті интерпретациясына негізделеді, ал әлеуметтік әдістер объективті, тұрақты нәтижелер беріп, олардың сенімділігі мен шынайылығын күшейтеді [10]. Сот шешімдеріне қатысты деректерді жүйелі түрде жинау және оларды мазмұндық талдау (content analysis) арқылы заңға интерпретация беруде бірізділікті қамтамасыз ету, құқықтық актілердегі сәйкессіздіктер мен ауытқуларды анықтауға мүмкіндіктер туады [11]. Өз кезегінде мұндай әдістемелік дәйектілік заң ғылымындағы зерттеулердің ашықтығы мен есептілігін арттырады [12]. Жалпы алғанда, жоғарыда келтірілген әдеби шолудан тәжірибелік зерттеу әдістерінің заң ғылымында бірқатар тиімді тұстары бар екенін байқап отырмыз.

Алайда, әлеуметтік немесе тәжірибелік зерттеу әдістерінің заң ғылымында артықшылықтары айқын болғанымен, олардың қолданылуы көптеген елдердің құқықтық зерттеулері мен тәжірибесінде кенже қалып отырғанын байқауға болады [1]. Қазақстанның заң ғылымында зерттеулер негізінен доктриналық тәсілдерге сүйенеді, ал әлеуметтік зерттеу әдістерін қолдану деңгейі жоқтың қасы десек артық емес. Оны біз өз тәжірибемізден, күнделікті университеттік өмірде, диссертациялық кеңестердің жұмысынан көріп отырмыз. Тіпті, уәкілетті органдардың тарабындағы ірі зерттеу институттарының өзінде де зерттеу жұмыстары доктриналық, яғни нормативтік актілерге зерттеу және талдау жұмыстарымен шектеліп отыр. Мысалы, ірі университеттер мен зерттеу орталықтарында докторлық және магистрлық диссертацияларда, дипломдық жұмыстарда әлеуметтік әдістерді қолдану, яғни сандық және сапалық әдістерді қолдану арқылы зерттеулер жүргізіліп жатқанын көрмейсің. Дегенмен, жекелеген ірі университеттерде докторантура бағдарламасында әлеуметтік әдістерді ғылыми зерттеуде қолдану және шетелдік журналдарда мақала шығарудың әдістерін үйрететін пәндер енгізіле бастады. Бұл пән жоғарыдан төменге бұйрық арқылы міндетті пән ретінде енгізілуі, декандар мен кафедра меңгерушілеріне түсініксіз болып отыр. Олар мұндай әдістің тиімділігін түсінбей, «заң ғылымына мұндай әдістің қажеті не» дейтіндердің саны да аз емес. Дегенмен, уәкілетті органдар мен университет басшылығы бұл пәнді міндетті пән ретінде университеттің бүкіл докторанттарына жаппай оқытып жатыр. Осы жағдайларды ескере отырып, бұл мақалада әлеуметтік әдістерді заң ғылымында қолдану заман талабына сай және қажеттіліктен туған екені көрсетіlmек және мұндай зерттеу әдістерінің заң ғылымына қаншалықты тиімді екені осы мақалада қысқаша қаралмақ. Сонымен қатар, бұл мақалада әлеуметтік зерттеу әдістері заң ғылымының әдістемелік арсеналын кеңейтіп, ғылыми кадрлар дайындау және шетелдік жоғары сапалы журналдарда мақала жариялаудағы мәселелер қарастыру көзделген.

Методология

Бұл зерттеу жұмысында заң ғылымында әлеуметтік ғылым әдістерін қолданудың тиімділігін анықтау үшін қолданыстағы нормативтік актілерге және осы тақырыптағы халықаралық ғылыми әдебиетке талдау жасалған. Зерттеу жұмысының барысында доктриналық және әлеуметтік ғылым әдістерінің заманауи құқықтық мәселелерді тиімді зерттеуге, құқықтық реформаларды және болжауларды жасауға мүмкіндігі бар ма деген сұраққа жауап беріледі. Қазақстан мен өзге елдердің заң ғылымында зерттеу әдістерін тереңірек түсіну үшін салыстырмалы әдіс қолданылған. Салыстыру нәтижесінде, Батыс елдерінде тәжірибелік зерттеу әдістеріне, яғни әлеуметтік ғылым әдістерін қолдануға, сондай-ақ пәнаралық зерттеуге басымдылық берілетіні көрсетілген. Ал Қазақстанда ғылыми зерттеу жұмыстарында доктриналық зерттеу әдістеріне сүйенетіні және пәнаралық зерттеу әдістерін қолдану талаптары соңғы уақыттарда ғана енгізілгені анықталған. Бұл жұмысты жүргізуге қажетті деректер мен ақпараттар ресми ақпарат көздерінен, саяси және құқықтық құжаттардан, мемлекеттік бағдарламалардан алынған. Жиналған деректер мен мәліметтер сапалы зерттеу әдісінің тақырыптық талдау тәсілі арқылы зерделеніп, нақты бір категориялар арқылы тұжырымдар жасалған.

Нәтижелер мен талқылау

Доктриналық зерттеудің заң ғылымындағы әлсіз тұстары

Әлемдік заң ғылымының методологиялық еңбектеріне шолу жасаудың нәтижесінде доктриналық құқықтық зерттеудің кейбір әлсіз тұстары байқалады. Доктриналық зерттеу әдістері посткеңестік елдерде заң ғылымындағы көп уақыттан бері басым көпшілікте қолданылатын әдіс болып келді. Алайда, заман талабына сай, құқықтық тәжірибенің дамуына және күрделенуіне қарай, қолданыстағы заңнаманы түсіну, талдау және болжау үшін жеткіліксіз екені байқалып отыр [2]. Сондықтан да, осы жерде доктриналық зерттеулердің келесідей кемшіліктері көрсетіледі.

1. Доктриналық зерттеу және құқықтық мәселелердің шынайы өмірдегі сипаты

Доктриналық зерттеу барысында құқықтық актілер, сот шешімдері және құқықтық талқылауларды талдау арқылы қолданыстағы заңнамадағы және құқық қолданудағы мәселелерді анықтау жүргізіледі. Заң ғылымындағы доктриналық әдіс – құқықтық нормаларды, принциптерді, сот шешімдерін және заңнамалық актілерді талдауға негізделген дәстүрлі зерттеу тәсілі. Ол құқықтық қайнар көздерді практикалық қолдануды есепке алмай түсіндіруге, жүйелеуге және логикалық тұрғыдан түсінуге бағытталған. Бұл әдістеориялық концепцияларды әзірлеуде, заң терминдерін нақтылауда және ішкі үйлесімді құқықтық жүйені қалыптастыруда кеңінен қолданылады [2]. Бірақ оның басты кемшілігі – құқыққа әсер ететін әлеуметтік, экономикалық және саяси факторларды есепке алмауда. Алайда, доктриналық зерттеу әдісі заңнаманың шынайы өмірде қалай жұмыс істейтінін және құқыққа әсер ететін әлеуметтік, экономикалық және саяси факторларды бағалай алмайды, яғни құқықтық норма мен құқықтық тәжірибенің арасындағы байланысты көрсетпейді [13]. Мысалы, Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы сыбайлас жемқорлықтың болмауына және оның алдын алуға құқықтық база ретінде жеткілікті болуы мүмкін. Алайда, іс жүзінде

түрлі әлеуметтік және саяси факторларға, жариялылықтың болмауы және мемлекеттік органдардың дәрменсіздігіне байланысты бұл заңның нормалары жұмыс істемеуі мүмкін. Осындай сыбайлас жемқорлықтың орын алуын зерттеуде заңгер ғалымдар доктриналық зерттеу әдісін қолдану арқылы Қазақстанда сыбайлас жемқорлықпен күресуде тиісті заңнамалық база бар деген қорытындыға келуі мүмкін. Алайда, мұндай зерттеу әдісі жоғарыда аталған факторларды ескере алмайды. Нәтижесінде, сыбайлас жемқорлық жалғасып, оның себептері неде екені зерттелмей отыр. Мысалы, шағын сыбайлас жемқорлық қылмыстары мемлекеттік қызметшілердің жалақысының не әлеуметтік мәртебесінің төмен болуынан ба нақты зерттеулер кездеспейді. Немесе күнделікті өмірде көріп отырғанымыздай, саяси элитаға кіретін ірі лауазым тұлғалары миллиардтаған қаражат жымқырғаны үшін жауапқа тартылмай шетел асып кетіп жатыр. Олардың жоғары билікте қолдаушылары бар екені және дәулетті адамдар екенін депутаттар жаңалықтардан ашық айтып жатыр. Бұл мәселе де қоғам мен мемлекеттің дамуына кедергі болып отырған үлкен мәселелердің бірі және жеткіліксіз зерттелген. Яғни, бұл жерде сыбайлас жемқорлық туралы заңның өзіне доктриналық талдау жасау емес, оның орын алуына қандай факторлар әсер етіп отырғанын анықтау қажет. Ал, осындай факторларды зерттеу үшін заңгер ғалымдар әлеуметтік ғылымдардың әдістерін қолданып, олардың қаншалықты ықпалы бар екенін анықтауға мүмкіндік бар. Мұнда әлеуметтік зерттеу әдістерін қолдану арқылы жан жақты деректер жинау, кінәлі адамдарды жауапқа тарту және сот әділдігіне оң әсер ету орын алуы мүмкін [11]. Осылайша, сыбайлас жемқорлық сияқты қоғамда болып жатқан негативті құбылыстарды зерттеуде тек заңның мәтініне зерттеу жасамай, оның болуына әсер ететін факторларды анықтайтын әлеуметтік ғылым әдістерін қолдану заң ғылымының методологиялық арсеналын кеңейтіп, қылмыстың алдын алуға оң әсерін тигізеді.

2. Доктриналық зерттеудің заман талабына жауап бере алмауы

Өзінің әдістемелік сипатына қарай доктриналық зерттеулер негізінен тарихи құқықтық жағдайлар мен қолданыстағы заңнаманың нормаларын талдауға бағытталған. Сол себепті, доктриналық зерттеу әдісі арқылы жасанды интеллект, блокчейн технологиясы сияқты жаңа құқық бағыттарын зерттеу мүмкін емес. Мысалы, Қазақстанда жасанды интеллект, криптовалюта мен блокчейн технологияларын реттейтін заңнама толығымен қалыптаспаған. Бұл салада доктриналық әдіс белгілі бір авторлық құқық немесе қаржылық қатынастарға қатысты заңдарды талдаумен шектеледі, ал жаңа технологияларды пайдалануға қатысты заңнама жоқ болғандықтан зерттеу шектеулі көлемде жүргізіледі. Сол себепті, мұнда да түрлі әлеуметтік ғылым әдістерін қолданып, ең болмаса қылмыстың алдын алу шараларын жасаса болар еді. Мысалы, интернет алаяқтарының әрекеттерінен зардап шеккен адамдардың пікірін сауалнамалар мен сұхбат жүргізу арқылы алып, бұқара халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізсе, қылмыстың алдын алуға болар еді [2]. Яғни, жаңа технологиялар қолдану саласында заңдардың жаңадан қалыптасу үстінде екені немесе тиісті заңдардың болмауы бұл салада доктриналық зерттеудің әлсіз екенін көрсетіп отыр.

3. Доктриналық зерттеудің құқықтық реформалар мен саяси дамуды талдаудағы әлсіздіктері

Тағы бірі маңызды кемшілігі – заң ғылымында доктриналық зерттеу әдісінің құқықтық реформаларды жүргізуде қажетті деректер және ақпаратпен қолдау көрсете

алмауы. Себебі, доктриналық зерттеу құқық дегеніміз не деген сұраққа жауап береді және құқықтың ішкі табиғаты мен болмысына қатысты мәселелерді талдамайды [12]. Ал әлеуметтік-құқықтық және тәжірибелік зерттеу әдістері құқықтық саясаттың қоғамдық мүдделерге сәйкестігін, қоғамдық топтар мен жеке тұлғалардың ұстанымдарын және әлеуметтік-экономикалық ықпалын зерттеуге көмектеседі. Мәселен, жоғары білім саласында соңғы он жылдықтарда жүргізіліп жатқан академиялық автономия мен университет бостандығына бағытталған реформалар осы олқылықты көрсетіп отыр. Жоғары білім саласындағы заңдар мен министрліктің шығарған ережелеріне доктриналық талдау жасағанда, қағаз жүзінде университеттер еркін және автономды екен деп қорытуға болады. Атап айтсақ, мемлекеттік тұжырымдамалар мен министрліктің ережелеріне талдау жасасақ, мемлекеттік университеттерге қаржылық және академиялық автономия берілген. Алайда, шынайы өмірде, университеттер әлі де министрліктің саяси ықпалында болуы, университет директорлар кеңесі министрлік арқылы тағайындалуы, бюрократияның күшейіп кеткені, мемлекеттің қаржысына тәуелді болуы сияқты құбылыстар байқалады. Әрине, мұндай проблемалар университеттің дамуына кері әсерін тигізуде және бұл мәселелердің бар екенін білу үшін түрлі сандық және сапалық әдістерді қолданып зерттеулер жүргізу керек. Сонда ғана біз университет өмірінде не болып жатқанын, яғни оқытушы профессорлық құрамның жағдайын және бастан не кешіп жатқанын, университет басшылығы жоғарыдан бекітілген көрсеткіштерді орындау үшін қандай қиындықтармен кездесіп жатқанын, директорлар кеңесі мүшелері неге тиімсіз жұмыс істейтінін анықтауға болар еді. Жалпы айтқанда, мемлекеттің реформалары тиімді болу үшін ол нақты фактілерге сүйену және өмірде болып жатқан жағдайларды шешуге бағытталған болу керек. Мұны Батыс елдерінде (evidence-based legal reforms) немесе (evidence-based decision-making) [9] деп айтады және ол тек тәжірибелік зерттеулердің нәтижесінде ғылыми негізделген ұсыныстарға сүйенген шешімдер мен реформалар болуы тиіс.

4. Доктриналық зерттеудің құқықтық дамуды болжаудағы әлсіздіктері

Мемлекет өзінің құқықтық саясатын дамыту барысында белгілі бір болжаулар жасап, алдағы бес-он жылдарға тұжырымдар жасап отырады. Құқықтың дамуына болжам жасауда доктриналық зерттеудің әлсіздігі ашық байқалады. Себебі, доктриналық зерттеу әдістері арқылы экономикалық, технологиялық және саяси факторларды талдау және оларға толық баға беру қиынға соғады [3]. Экономикалық факторларды ескеру үшін нақты статистикалық және математикалық сандық әдістерге сүйену керек және оны талдаудың жолдарын білу керек. Мұндай жағдайда доктриналық зерттеу мүлдем қажетсіз болып қалады. Мысалы, Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруде мемлекеттер түрлі құжаттарға қол қойып ортақ стандарттарға көшеді. Алайда, экономикалық және технологиялық мүмкіндіктерді ескермеген соң жекелеген елдердің экономикасы зардап шегіп жатады. Себебі, сол құқықтық актілердің концепциясын жасау кезінде тиісті экономикалық талдау мен болжау жасалмағаны, яғни шешім қабылдауда тәжірибелік зерттеулердің нәтижесіне сүйенбегендікті байқауға болады. Егерде сол концепцияның қабылдануы кезінде сандық зерттеу әдісі арқылы түрлі статистикалық деректерге тиісті талдау жасалынған болса, яғни нақты ғылыми негізделген ұсыныстарға сүйенген болса, мемлекеттің болжамдары мүмкіндігінше ақиқатқа жақын болар еді. Сондықтан да, үкіметтің құқықтық және саяси болжаулары нақты фактілер мен деректерге сүйеніп жасалуы тиіс.

Заң ғылымында әлеуметтік зерттеу әдістерін қолданудың маңыздылығы

Қазақстанның, тіпті посткеңестік көп елдердің, заң ғылымында доктриналық әдіс о бастан басымдықта болғаны белгілі. Бүгінгі күні де әлеуметтік ғылымдардың әдістерін заң ғылымының зерттеулерінде қолдану сирек кездеседі. Мұның бірнеше себептері бар.

Ең алдымен айтатынымыз, отандық заң ғылымы кеңес үкіметі тұсында қалыптасып, бой көтерді. Ол кезде заң ғылымы өзге әлеуметтік ғылымдардан бөлектеніп, тіпті өз ішінде құқық салаларына жіктелді. Ал шетелдік тәжірибеге қарасақ, әлеуметтік ғылымдар бір-бірімен араласып жатады, яғни пәнаралық зерттеулерге басымдық берілген. Мысалы, криминолог мамандар сотталған адамдардың мінез-құлқын психологиялық немесе әлеуметтік тұрғыдан зерттеп, қылмысқа баруға не себеп болғанын психологтармен, социологтармен бірігіп зерттеп жатады. Оларда мұндай зерттеулер заңды құбылыс және ғасырлар бойы келе жатқан дәстүр. Мұндай талаптар бізге енді ғана келіп жатыр. Мысалы, қазіргі кезде гранттық және нысаналы зерттеу жүргізу жобаларында пәнаралық зерттеу жүргізу керек делінген, және де шетелде жарияланған мақалалардың кем дегенде біреуі пәнаралық журналдарда жариялануы керек деген талаптар қойылған. Осындай талаптар заң ғылымында бұрынғыша доктриналық әдіспен шектелмей, әлеуметтік ғылымдар әдістерін қолдану қажеттігін көрсетіп отыр.

Тағы бір ескеретін жағдай, кеңес үкіметі тұсында жоғары оқу орындарының басты мақсаты кадр дайындау және идеологиялық тәрбие жұмысын жүргізумен шектелді. Ғылыми зерттеу жұмыстары негізінен ҚР Ғылым Академиясы тарабындағы институттарда жүргізілді деп саналады [14]. Ал қазіргі кезде жоғары оқу орындары әлемдік білім және ғылым кеңестігіне шықты, әлемдік рейтингтерге қатысып, солардың көрсеткіштеріне сәйкес жұмыс істеп жатыр. Жоғары оқу орындарына білім мен ғылымды бірге алып жүру қажет болып отыр. Мұны ҚР Үкіметі және Ғылым және жоғары білім министрлігі тарабынан шығып жатқан нормативтік актілер мен тапсырмалардан көруге болады. Мысалы, ҚР Үкіметі қаулысымен бекітілген мемлекеттік тұжырымдамада жоғары оқу орындары әлемдік рейтингтерге белсенді қатысу, ғылыми потенциалын көтеріп сырттан қаржы тарту, өндіріс компанияларымен бірлесіп экономиканың қажеттіліктеріне жұмыс істеу керек деген талаптар қойылып отыр. Соның ішінде, отандық ғылым әлемдік деңгейде даму керек, ғалымдардың еңбектері жоғары деңгейдегі шетелдік журналдарда, яғни Scopus және Web of Science базаларына кіретін журналдар жариялануы керек деген талаптар заң ғылымындағы зерттеу әдістеріне қатысты мәселенің өзектілігін көрсетіп отыр. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, шетелдің заң ғылымында зерттеу әдісіне жоғары талаптар қойылады және доктриналық зерттеу әдісін «black letter law» деп санайды, яғни заңның мәтінін зерттеумен шектеледі деп түсініледі [2]. Сондықтан да, шетелдің мықты журналдары әлеуметтік ғылымдардың әдістерін қолданған, тәжірибелік мәні бар жұмыстарды жариялауды жөн көреді. Тағы бір ескеретін жағдай, Scopus және Web of Science базаларына кіретін заң ғылымындағы мықты деген журналдардың басым көпшілігі ағылшын тілді елдерде орналасқан. Тек жекелеген ақылы журналдары ғана Шығыс және Орталық Еуропа елдерінде кездеседі. Сондықтан да, отандық заң ғылымының өкілдері ғылыми еңбек жариялауда кедергілерге тап болып отыр. Соның ішінде, ең алдымен Батыс елдерінің ғылыми методологиясымен таныс болмау, яғни осы мақаланың шеңберінде айтылып отырған әлеуметтік немесе тәжірибелік зерттеу әдістерін білмеуде болып отыр. Әрине, шетелдік

мықты журналдарда мақала жариялауда басқа да кедергілер, яғни ағылшын тілін білмеу, олардың жазу тәсілін білмеу, мақаланың құрылымын түсінбеу сияқты мәселелер бар. Алайда, методология мәселесі ең маңыздысы болып тұрғаны айдан анық. Сондықтан да, заң ғылымында әлеуметтік әдістерді жоғары оқу орындарында докторантурада міндетті пән ретінде енгізіліп отыр.

Әлеуметтік әдістердің заң ғылымында қолданылуы және зерттеудің тәжірибелік маңызына қатысты тағы да тоқталып кетейік. Мысалы, шетелдің алдыңғы қатарлы университеттерінің тәжірибесіне сүйенсек, әлеуметтік ғылымдардың әдістерін гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың барлығында, тіпті жаратылыстану ғылымдарында оқытады. Әлемдік университеттерде методологияның маңыздылығы сонша жоғары, оны бакалавр, магистратура және докторантура бағдарламаларының барлығында оқытады. Нақтырақ айтатын болсақ, сапалық зерттеу әдісінің кең тараған зерттеу стратегиясының бірі grounded theory алғаш рет медицина саласында, яғни жаратылыстану ғылымында ауыр халде жатқан ауру адамдарды зерттеу кезінде қолданылған [15]. Ал қазір бұл зерттеу стратегиясы гуманитарлық ғылым өкілдерімен зерттеу барысында кеңінен қолданылады [16]. Тағы бір мысал келтірейік, білім саласын басқару мамандығы бойынша ғалымдар қазіргі кезде сандық әдістерді қолданып, статистикалық талдау жұмыстарын жасап Scopus және Web of Science базаларында өздерінің Индекс Хиршасын өте жоғары көтеріп, сілтемелер бойынша техникалық және жаратылыстану ғылымдарының өкілдерімен бәсекеге түсіп жатыр. Яғни, Scopus және Web of Science базаларына кіретін журналдарда мақала шығару тек жаратылыстану және техникалық ғылымдарға тән деген отандық ғылыми қауымдастықта қалыптасқан пікірдің жалған екенін көрсетеді.

Соңғы уақыттарда еліміздің гуманитарлық ғылым өкілдері арасында Scopus және Web of Science базаларында мақала жариялау мүмкін емес, оның біздің елге қажеті не немесе қазақ тілі филологиясының мәселелері кімге қажет, оны кім оқиды деген пікірлер жиі кездеседі. Сол себепті де, қорғауға шығатын докторанттарға кейбір мамандықтар бойынша Scopus және Web of Science базаларына кіретін журналдарға мақала шығару міндеттілігін алып тастады. Мысалы, ҚР Ғылыми дәрежелер беру қағидаларын бекіту туралы ережеге сәйкес, «8D017 – Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау», «D016 – Тарих мұғалімдерін даярлау» және «8D060 – Филология», «D050 – Философия және этика» және «D083 ғылым және ғылым саласындағы кадрларды даярлау» білім беру бағдарламалары (мамандықтары) топтары бойынша білім алған докторанттар үшін оқыту 8D02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар және қазақ тілі мен әдебиеті, қазақ филологиясы, Қазақстан тарихы, қазақ философиясы бойынша диссертация дайындағандар Scopus және Web of Science базаларына кіретін журналдарға мақала шығармай ҚР ҒЖБМ Комитеті бекіткен басылымдардың 1 және 2 тізіміндегі журналдардағы мақалалар, олардың бірі ағылшын тілінде және халықаралық ғылыми конференцияларда 2 ауызша баяндама жасағаны жеткілікті деп бекітілген. Яғни, осы мамандықтарда оқитын докторанттар докторлық диссертациясын қорғауға шығуда Scopus және Web of Science базаларына кіретін журналдарға мақала шығару міндетінен босатылып отыр. Бір жағынан бұл өзгерістер жүздеген докторанттың қорғауға шығуына мүмкіндіктер берді және ғылыми кадрлар дайындауда ресми статистиканы дұрыстады. Докторанттар мен олардың ғылыми жетекшілері үшін жеңілдік болды. Мүмкін, бұл осы

салада жұмыс істейтін академиктер мен профессорлардың шағымдарының нәтижесі де шығар. Алайда, уәкілетті органдардың мұндай қадамы жоғарыда аталған мамандықтар бойынша қорғап жатқан докторанттарды әлемдік ғылымнан біржолата кесіп тастады. Олар енді әлемдік әдебиетті оқуға міндетті емес, тек отандық немесе орыс тіліндегі әдебиетке шолу жасап қорғауға шыға беретін болды. Осы тұрғыдан қарағанда, қорғауға шығатын докторанттардың жағдайын жеңілдетеміз деп, министрлік олардың әлемдік ғылымның методологиясы мен теориясынан алыстатып жіберді. Сондықтан да, министрліктің бұл шешімі бүгінгі мәселенің шешімін тапты, алайда келешекке кері әсерін тигізуі де мүмкін деуге болады.

Әрине, министрліктің докторанттардың қорғауға шығуына жағдай жасағаны дұрыс және бір мақала үшін жүздеген жастардың болашағына балта шабуға да болмайды. Сайып келгенде, мұндай талаптарды қойғанның өзі асығыстық болғаны айдан анық. Себебі, Scopus және Web of Science базаларына кіретін журналдарға мақала шығару бүгінгі докторанттарға және олардың ғылыми жетекшілеріне ауыр жүк болып отыр. Докторанттар халықаралық мықты журналдардың талаптарын білмейді, олардың жазу техникасымен, ғылыми жұмыстың құрылымымен таныс емес. Ғылыми жетекшілер де ол талаптарды біле бермейді және олар үшін тілдік кедергі де бар. Осы тақырыпта тәжірибелік зерттеу жүргізген ғалым Қожабекованың зерттеулері көрсеткендей, докторанттарды міндеттеудің нәтижесінде халықаралық журналдарға мақала жариялау саны өскен, бірақ зерттеулердің маңыздылығы төмендеген. Оның пікірінше, докторанттарды міндеттегеннен көрі оларға ғылыми методология мен зерттеу жүргізу тәсілдерін үйрету олардың ғылыми бәсекеге қабілеттілігін арттыруда тиімдірек болады [17]. Бұл оймен толық келісуге болады. Докторанттарға халықаралық журналдарда мақала жариялау талабын қоюдан бұрын оларды әлемдік ғылымдағы методологиямен, жазу әдіс-тәсілдерімен таныстыру керек. Әлемнің алдыңғы қатарлы университеттерінде әлеуметтік ғылым әдістерін үйрету магистратура және докторантурада міндетті түрде оқытылады. Ал academic writing, яғни ғылыми тілде жазып үйрену сабақтары бакалавр деңгейінде бірінші курстан бастап оқытылады. Сонымен қатар, кез келген білім алушыға ғылыми жұмыс жазу және зерттеу жүргізу әдістерін үйрету бойынша жыл бойы тегін курстар жүргізіледі. Әлемдік университеттер шетелдік студенттердің мейлінше сапалы білім алуына жағдай жасайды. Олар өзінің ғылыми потенциалын, білім берудегі имиджін және абыройын жоғары қояды ойлайды. Қазіргі кезде біздің елде шетелдің, яғни Түркия Республикасы, Германия Федеративтік Республикасы, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі және Француз Республикасы университеттерінің филиалдарын ашу қолға алынуда [18]. Сондай-ақ, Ұлыбритания және өзгеде Батыс елдерінің жоғары білім саласының қалыптасу тарихы, өзара интеграциялануы, университеттерінің академиялық автономдығы мәселесі де біздің елде ғылымның дамуына зор ықпал ету мүмкін [19], [20]. Бұл бағыттағы саясаттың да ғылыми методологияның дамуына оң әсері болады деп күтілуде. Осы және өзге де себептер, отандық университеттерде ғылыми жұмыспен айналысудың әдістемелік базасына көңіл бөлуді талап етіп отыр.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, еліміздің жекелеген ұлттық университеттерінде әлеуметтік әдістерді үйрету бойынша докторантурада екі семестрлік бір пән енгізілді. Алайда, әлемдік университеттердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, тек бір арнайы

курстың шеңберінде докторанттарға ғылыми зерттеу жұмысының әдістемесі мен жазу өнерін толық үйретіп шығу мүмкін емес. Ол үшін қосымша тегін курстар мен түрлі ғылыми жұмыс жазу бойынша шаралар енгізу керек. Сонымен қатар, Қазақстанда оқып жүрген докторанттардың ағылшын деңгейлері де жоғары емес, яғни ол да тілдік кедергі болып табылады. Себебі, докторантураға түсу кезіндегі ағылшын тіліне деген талаптар (IELTS бойынша 5,5 балл) аса жоғары емес. Гуманитарлық ғылымдарда зерттеу жүргізу үшін тіпті төмен деп айтса да болады. Сол үшін, докторанттарға үнемі ағылшын тіліндегі материалдарды орыс немесе қазақ тілдеріне аударып беру жұмыстарын қолға алу керек. Бүгінгідей жаңа технологиялардың заманында шетелдің ғалымдарын онлайн режимде тарту, ғылыми кеңесші ретінде тіркеу және онлайн семинарлар өткізу тиімді болар еді. Бұл айтылған шараларды жүзеге асыратын басшылар мен ұйымдастырушылар қажет болып отыр. Осы жерде, шетелде магистратура және докторантурада білім алып келген, әлеуметтік ғылым әдістерін білетін жастарды тартқан дұрыс. Мысалы, Ақтөбе қаласының Жұбанов университетінде соңғы үш жылда осы бағытта қарқынды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Ол университет басшылығы шетелден білім алып келген жастарды жаппай жұмысқа тартуда. Нәтижесінде, оқытушы профессорлық құрамда әлеуметтік ғылым әдістерін қолдануға деген оң көзқарас қалыптасып келеді. Осындай тәжірибені басқа да университеттерге тарату тиімді болар еді.

Қорытынды

Бұл мақалада әлеуметтік ғылым әдістерін заң ғылымында қолдану және олардың құқықтық зерттеулерде тиімділігін көрсету және тәжірибелік тәсілдер арқылы заң ғылымының методологиялық арсеналын кеңейту маңыздылығы көрсетілген. Доктриналық талдау заң ғылымындағы кең қолданатын әдіс болғанымен, құқықтық нормалардың нақты қолданылуын бағалау, құқық қорғау қызметіне әлеуметтік-саяси әсерді талдау және жедел өзгертін салалардағы құқықтық тенденцияларды болжау үшін жеткіліксіз болып отыр. Атап айтқанда, статистикалық және нақты деректерді талдауға бағытталған әдістерді қолдану арқылы құқықтық болжамдардың дәлдігін арттырып, неғұрлым тиімді саяси және құқықтық шешімдерді қабылдауға болатыны көрсетіліп отыр. Әсіресе, технологиялық және экономикалық дамудың тұсында бұл қатынастардың құқықтық тұрғыдан жеткіліксіз реттелуі, доктриналық әдістің мәтіндік интерпретацияға сүйенуі оның әлсіздігін байқатады. Сондықтан да, тәжірибелік зерттеу әдістерін құқықтық зерттеулерде қолдану заң ғылымының теориялық интерпретациямен шектелмей, заманауи сын-қатерлерге бейімделуге және тиімді құқықтық және саяси шешімдерді қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосуға мүмкіндік береді.

Бұл зерттеудің негізгі ғылыми үлесі заңдардың шығарылуы мен олардың іс жүзінде орындалуындағы елеулі алшақтықтарды анықтауда. Мысалы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы доктриналық талдау арқылы оның болуына әсер ететін әлеуметтік және саяси факторларды анықтау мүмкін еместігі байқалады. Сонымен қатар, жоғары білім саласындағы университеттердің автономиясына қатысты реформаларды зерттеуде тек қолданыстағы заңнамаға доктриналық талдау жасау жеткіліксіз екені, қосымша сандық және сапалық зерттеулер арқылы реформаларды жүзеге асыруға кедергі болатын бюрократиялық және саяси шектеулер бар екені көрсетілді. Бұл

нәтижелер құқықтық зерттеулер тек теориялық талдаумен шектеліп қалмай, сонымен қатар құқықтық нормалардың нақты әсерін бағалайтын эмпирикалық әдістерді қамтуы тиіс екенін көрсетеді.

Жаһандық тұрғыдан қарағанда, бұл зерттеуде заң ғылымындағы зерттеулер пәнаралық және тәжірибелік мәселелерге бағытталуы қажет деген идеяларға сай келеді. Дамыған елдердің заң ғылымында әлеуметтік ғылымдардың әдістері кеңінен қолдануда және ол нақты деректерге сүйенетін зерттеу стратегиясын ұстануын білдіреді. Қазақстандық заң ғылымы да заманауи сын-қатерлерге тиімді жауап беру үшін осындай өзгерістерге бейімделуі керек. Дегенмен, мұндай тенденция тек ғылыми зерттеу әдістерін жаңартуды ғана емес, ғылыми кадрлар дайындау жүйесінде де терең реформаларды жүргізуді талап етеді. Атап айтқанда, докторантура бағдарламаларында тәжірибелік зерттеу әдістерін қолдануды жаппай үйрету керек. Сондай-ақ, докторантура бағдарламаларында болашақ заңгерлерді халықаралық академиялық стандарттарға сай болуға және құқықтық саясатқа ықпал етуге мүмкіндік беретін заманауи зерттеу әдістерімен қаруландыру жаһандық үрдістерді есепке алу қажет. Бұл өзгерістерді жүзеге асыру институционалдық қолдауды, академиялық дайындықты және пәнаралық ынтымақтастықты қажет етеді. Кеңірек айтқанда, еліміздің заң ғылымының дамуы басқару жүйесіндегі түбегейлі реформалармен тығыз байланысты. Себебі, қазіргі кезде құқық және заң ғылымы оқшау өмір сүрмейді, ал әлеуметтік-экономикалық және технологиялық процестермен тығыз байланысты салаға айналууда. Құқықтық дамуды болжау, заңнаманың тиімділігін бағалау және саясатты қалыптастыруға қатысу үшін кешенді әдістемелік тәсіл қажет. Тәжірибелік және пәнаралық зерттеулерді доктриналық әдістермен бірге қолдану алғашқы кезде белгілі бір қиындықтар жасауы мүмкін, алайда ұзақ мерзімді перспективада құқықтық талдау, саясат және құқықтық болжауды жетілдіруде маңызды артықшылықтарға ие.

Бұл жұмыста әлеуметтік ғылым әдістерін заң ғылымында қолданудың уақыты келді, бірақ доктриналық әдістен бас тарту керек деген идея да жоқ. Бас тарту мүмкін де емес. Керісінше, бұл жердегі басты идея заң ғылымының методологиялық базасын кеңейту, әлемдік стандарттарға келтіру, озық елдердің ұтымды жетістіктерін ғылыми тәжірибемізге енгізу. Себебі, отандық заң ғылымы қалыптасқалы бері доктриналық әдіске сүйеніп келеді және ғылыми қауымның басым бөлігі ескі методологияны қолданады. Сондықтан да, бұл процесті ғылыми ортада семинарлар мен конференцияларда талқылау, сендіру, түсіндіру және дәлелдеу арқылы жүргізу керек.

Біздің пікірімізше, докторантура бағдарламасында әлемдік ғылымда болып жатқан үрдістен қалмай, заманауи ғылымның жетістіктерін пайдалану керек. Еліміздің гуманитарлық ғылымдарында, соның ішінде заң ғылымында ғылыми кадрлар дайындау және халықаралық журналдарда мақалалар жариялау үшін доктриналық зерттеу әдістерімен шектелуге болмайды. Әлемдік ғылыми әдістемелік әдебиеттер көрсетіп отырғандай, заң ғылымында әлеуметтік ғылымдар әдістерін қолданудың ұтымды жақтары көп және ол зерттеудің тәжірибелік мәнін арттырады. Дегенмен, бұл мәселеге министрлік және университеттер тарапынан әлі де көңіл бөліну керек. Біздің елде әлі де ғылымның методологиясының маңыздылығына деген қажетті көзқарас жоқ. Бұл мәселені университет басшылығы мен ғылыми ортада жиі көтеріп, жаппай түсіндіру жұмыстарын жүргізу керек.

Авторлардың қосқан үлестері

Алтынбасов Б.Ө. – мақаланы жазу идеясын ұсынды. Заңнамаға және әлемдік әдебиетке талдау жасады. Зерттеудің методологиялық негізін құрап, зерттеу нәтижелері мен талқылауын жасады. Жалпы жұмыстың жазылуына басшылық жасады

Мырзатаев Н.Д. – мақалаға қатысты материалдарды талдау мәтінді бағалау, зерттеу нәтижелеріне қатысты ұсыныстар айтып, жұмыстың жазылуына үлес қосты.

Оспанов Қ.И. – нормативтік актілерге салыстырмалы талдау жасау, зерттеудің талқылау бөліміне және методологияға қатысты өз ұсыныстарын жасады, жұмыстың жазылуына қатысты.

Мүдделер қақтығысы жоқ

Әдебиеттер тізімі

1. Tyler T.R. Methodology in legal research. Utrecht law review // -2017, № 13 (3). DOI: <http://doi.org/10.18352/ulr.410>
2. Creutzfeldt N., Mason M., and McConnachie K. Socio-legal theory and methods: introduction. In Routledge handbook of socio-legal theory and methods. – 2019. Routledge. DOI: <https://doi.org/10.4324/9780429952814>
3. McConville M. Research methods for law. – 2017. Edinburgh University Press.
4. Watkins D. Research Methods in Law (2nd ed.). – 2017. Routledge. DOI: <https://doi.org/10.4324/9781315386669>
5. Gibson J.L. and Gregory A.C. Knowing the Supreme Court? A reconsideration of public ignorance of the high court // The Journal of Politics. – 2009. № 71 (2). - P. 429-441. DOI: <https://doi.org/10.1017/S0022381609090379>
6. Flyvbjerg B. Case Study. In N. K. Denzin & Y. S. Lincoln (Eds.), The Sage Handbook of Qualitative Research (1st ed., pp. 301-316). - 2011. Thousand Oaks: SAGE Publications.
7. Miller L. The Use of Case Studies in Law and Social Science Research // Annual Review of Law and Social Science. - 2018. № 14. - P. 381-396. DOI: <https://doi.org/10.1146/ANNUREV-LAWSOCSCI-120814-121513>
8. Tamanaha B.Z. A general jurisprudence of law and society. – 2001. Oxford Socio-Legal Studies. Oxford University Press.
9. Feenan D. Exploring the ‘socio’ of socio-legal studies. – 2013. Macmillan Education UK. DOI: https://doi.org/10.1007/978-1-137-31463-5_1
10. Bhat P.I. Idea and Methods of Legal Research (Delhi, 2020; online edn, Oxford Academic, 23 Jan. 2020), <https://doi.org/10.1093/oso/9780199493098.001.0001>
11. Liebman B.L., Roberts M.E., Stern R.E. and Wang A.Z. Mass digitization of Chinese court decisions: How to use text as data in the field of Chinese law // Journal of Law and Courts. - 2020. № 8 (2), - P. 177-201. DOI <https://doi.org/10.1086/709916>
12. Bryman A. Social Research Methods. – 2012. Oxford University Press.
13. Altynbassov B.O. The theoretical framework of using empirical legal research methods: international experience // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан, 2021, № 1 (64), 108-120. https://doi.org/10.52026/2788-5291_2021_64_1_108

14. Ahn E.S., Dixon J. and Chekmareva L. Looking at Kazakhstan's higher education landscape: From transition to transformation between 1920 and 2015. In 25 years of transformations of higher education systems in post-Soviet countries: Reform and continuity. - 2018. - P. 199-227. Cham: Springer International Publishing.
15. Glaser B.G. and Strauss A.L. Grounded theory. - 1998. Strategien qualitativer Forschung. Bern: Huber, 4.
16. Creswell J.W. and Plano Clark V.L. Designing and Conducting Mixed Methods Research. - 2017. SAGE.
17. Kuzhabekova A. Publication Requirement and Its Effects on Research Productivity Trends in Kazakhstan // Higher Education Quarterly. – 2025. № 79 (1). DOI <https://doi.org/10.1111/hequ.1259>
18. Тлепина Ш.В., Толегенова У. Правовое регулирование создания и деятельности международных университетов в странах-учредителях международных университетов в Республике Казахстан // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия: Право. - 2022. № 138(1), 58-68. DOI <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2022-138-1-58-68>
19. Altynbasov B.O., Amadykova S.K. Legal and historical frameworks of establishment of university endowment funds // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия: Право. - 2020. № 133(4), 8-22. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2020-133-4-8-22>
20. Бердыбаев Н. Некоторые аспекты правового регулирования высшего образования в странах Европейского Союза как положительный опыт в процессе интернационализации и развитии международных университетов в Казахстане // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия: Право. - 2023. № 143(2), 170-181. <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2023-143-2-170-181>

Б.О. Алтынбасов¹, Н.Д. Мырзатаев², Қ.И. Оспанов³

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

³Алматинский гуманитарно-экономический университет. Академия Технологии и Дизайна «Сымбат», Алматы, Казахстан

(e-mail: ¹altynbasov@yandex.ru, ²muxametnur@mail.ru, ³kayrlyo@bk.ru)

Развитие юридической науки: значение методов социальных исследований в современных юридических исследованиях

Аннотация: В статье рассматривается важность использования методов социальных наук в юридической науке, необходимость расширения методологического разнообразия и необходимость усиления практической роли правового анализа. Необходимые для исследования данные были получены из официальных источников, правовых и политических документов, а также государственной политики. Полученная информация была изучена путем тематического анализа, а основные тенденции реализации законодательства были систематизированы по категориям. Также были проведены исследование правоприменительной практики и сравнительно-правовой анализ для оценки эффективности законодательства. Исследование показало, что, хотя доктринальные методы, применявшиеся ранее в юридической науке, получили

в настоящее время доминирующее значение, их недостаточно для оценки практического применения правовых норм, анализа социально-политического влияния на правоохранительную деятельность, прогнозирования правовых тенденций в быстро развивающихся областях. Для преодоления недостатков доктринального метода исследования в отечественной юридической науке предлагают использовать междисциплинарную методологию, сочетающую качественный и количественный подходы. Для реализации таких идей необходимы институциональная поддержка, академическая подготовка и совершенствование учебных программ в докторантуре, в том числе оснащение будущих юристов практическими навыками проведения исследований в соответствии с международными академическими стандартами. Научные результаты подчеркивают необходимость основанного на фактических данных правового анализа для преодоления разрыва между теорией и практикой, а также возможностей улучшения адаптации правовой системы к современным вызовам.

Ключевые слова: доктринальные исследования, юриспруденция, методы социальных наук, правовые реформы, междисциплинарный подход.

B. Altynbassov¹, N. Myrzataev², K. Ospanov³

¹*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

²*al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

³*Almaty Humanitarian and Economic University. Academy of Technology and Design "Symbat"*

(e-mail: ¹altynbasov@yandex.ru, ²muxametnur@mail.ru, ³kayrlyo@bk.ru)

Advancing Legal Research: The importance of Social Research Methods in Contemporary Legal Studies

Abstract: The article highlights the significance of utilizing social science methods in legal studies, the necessity for enhancing methodological diversity, and the practical importance of legal analysis. The data were obtained from official sources, legal and political documents. The data was analysed through thematic analysis and organized according to the main trends in the implementation of legislation. A study of law enforcement practice and a comparative legal analysis were also conducted to assess the effectiveness of legislation. The study showed that, although doctrinal methods previously used in legal studies have dominated, they are insufficient to assess the practical application of legal norms, analyse the socio-political impact on law enforcement, and predict legal trends in rapidly developing areas. To overcome the shortcomings of the doctrinal research method in legal studies, it is proposed to use an interdisciplinary methodology combining qualitative and quantitative approaches. The implementation of these ideas requires institutional support, academic training, and the improvement of doctoral curricula, which involves developing research skills. The findings indicate that evidence-based legal analysis is necessary to bridge the gap between theory and practice, and there are opportunities to make the legal system more adaptable to modern challenges.

Keywords: doctrinal research, jurisprudence, social science methods, legal reforms, interdisciplinary approach.

References

1. Tyler T.R. Methodology in legal research. Utrecht law review // -2017, № 13 (3). DOI: <http://doi.org/10.18352/ulr.410>
2. Creutzfeldt N., Mason M., and McConnachie K. Socio-legal theory and methods: introduction. In Routledge handbook of socio-legal theory and methods. – 2019. Routledge. DOI: <https://doi.org/10.4324/9780429952814>
3. McConville M. Research methods for law. – 2017. Edinburgh University Press.
4. Watkins D. Research Methods in Law (2nd ed.). – 2017. Routledge. DOI: <https://doi.org/10.4324/9781315386669>
5. Gibson J.L. and Gregory A.C. Knowing the Supreme Court? A reconsideration of public ignorance of the high court // The Journal of Politics. – 2009. № 71 (2). - P. 429-441. DOI: <https://doi.org/10.1017/S0022381609090379>
6. Flyvbjerg B. Case Study. In N. K. Denzin & Y. S. Lincoln (Eds.), The Sage Handbook of Qualitative Research (1st ed., pp. 301-316). - 2011. Thousand Oaks: SAGE Publications.
7. Miller L. The Use of Case Studies in Law and Social Science Research // Annual Review of Law and Social Science. - 2018. № 14. - P. 381-396. DOI: <https://doi.org/10.1146/ANNUREV-LAWSOCSCI-120814-121513>
8. Tamanaha B.Z. A general jurisprudence of law and society. – 2001. Oxford Socio-Legal Studies. Oxford University Press.
9. Feenan D. Exploring the ‘socio’ of socio-legal studies. – 2013. Macmillan Education UK. DOI:10.1007/978-1-137-31463-5_1
10. Bhat P.I. Idea and Methods of Legal Research (Delhi, 2020; online edn, Oxford Academic, 23 Jan. 2020), <https://doi.org/10.1093/oso/9780199493098.001.0001>
11. Liebman B.L., Roberts M.E., Stern R.E. and Wang A.Z. Mass digitization of Chinese court decisions: How to use text as data in the field of Chinese law // Journal of Law and Courts. - 2020. № 8 (2), - P. 177-201. DOI <https://doi.org/10.1086/709916>
12. Bryman A. Social Research Methods. – 2012. Oxford University Press.
13. Altynbassov B.O. The theoretical framework of using empirical legal research methods: international experience // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан, 2021, № 1 (64), 108-120. https://doi.org/10.52026/2788-5291_2021_64_1_108
14. Ahn E.S., Dixon J. and Chekmareva L. Looking at Kazakhstan’s higher education landscape: From transition to transformation between 1920 and 2015. In 25 years of transformations of higher education systems in post-Soviet countries: Reform and continuity. - 2018. -P. 199-227. Cham: Springer International Publishing.
15. Glaser B.G. and Strauss A.L. Grounded theory. - 1998. Strategien qualitativer Forschung. Bern: Huber, 4.
16. Creswell J.W. and Plano Clark V.L. Designing and Conducting Mixed Methods Research. - 2017. SAGE.
17. Kuzhabekova A. Ph. D. Publication Requirement and Its Effects on Research Productivity Trends in Kazakhstan // Higher Education Quarterly. – 2025. № 79 (1). DOI <https://doi.org/10.1111/hequ.1259>
18. Tlepina Ş.V. және Tölegenova W. Qazaqstan Respwblıkasındaǵı xalıqaralıq wñiversitetterdiñ negizin qalawşı elderde xalıqaralıq wñiversitetterdiñ qurılıwı men jumıs istewin quqıqtıq rettew // Vestnik Evraziiskogo nacionalnogo wñiversiteta imeni L.N. Gwmileva. Toptama: Pravo.- 2022. № 138(1), 58–68. DOI <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2022-138-1-58-68>

19. Altynbassov B.O., Amadykova S.K. Legal and historical frameworks of establishment of university endowment funds // Vestnik Yevraziyskogo natsional'nogo universiteta imeni L.N. Gumileva. Seriya: Pravo. - 2020. № 133(4), 8–22.. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2020-133-4-8-22>

20. Berdybayev N. Nekotoryye aspekty pravovogo regulirovaniya vysshego obrazovaniya v stranakh Yevropeyskogo Soyuza kak polozhitel'nyy opyt v protsesse internatsionalizatsii i razvitiya mezhdunarodnykh universitetov v Kazakhstane // Vestnik Yevraziyskogo natsional'nogo universiteta imeni L.N. Gumileva. Seriya: Pravo. - 2023. № 143(2), 170–181. <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2023-143-2-170-181>

Авторлар туралы мәлімет:

Алтынбасов Б.Ө. – хат-хабар авторы, заң ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің заң факультеті, конституциялық және азаматтық құқық кафедрасының доценті, Сәтбаев көшесі, 2, 010000, Астана, Қазақстан.

Мырзатаев Н.Д. – PhD, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу және еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы, проспект әл-Фараби даңғылы, 71, 050040, Алматы, Қазақстан.

Оспанов Қ.И. – саяси ғылымдарының кандидаты, Алматы гуманитарлық-экономикалық университетінің (АШЕУ) аға оқытушысы, «Сымбат» технология және дизайн академиясы, «ТЕiOOD» кафедрасы, Қонаев көшесі 43, 050051, Алматы, Қазақстан.

Алтынбасов Б.О. – автор-корреспондент, кандидат юридических наук, доцент кафедры конституционного и гражданского права юридического факультета Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, улица Сатпаева, 2, 010000, Астана, Казахстан.

Мырзатаев Н.Д. – PhD, старший преподаватель кафедры гражданского права, гражданского процесса и трудового права Казахского национального университета имени аль-Фараби, проспект Аль-Фараби, 71, 050040, Алматы, Казахстан,

Оспанов К.И. – кандидат политических наук, старший преподаватель Алматинского гуманитарно-экономического университета (АГЭУ), Академия технологий и дизайна «Сымбат», отделение «ТЭiOOD», улица Кунаева 43, 050051, Алматы, Казахстан.

Altynbassov B. – Corresponding author, Candidate of Legal Sciences, Associate Professor of the Department of Constitutional and Civil Law, Faculty of Law, Eurasian National University, Satpayev Street, 2, 010000, Astana, Kazakhstan.

Myrzatayev N. – PhD, Senior Lecturer of the Department of Civil Law, Civil Procedure and Labor Law, al-Farabi Kazakh National University, 71 Al-Farabi Avenue, 050040, Almaty, Kazakhstan,

Ospanov K. – Candidate of Political Sciences, Senior Lecturer of the Almaty Humanitarian and Economic University (ASHEU). "Symbat" Academy of Technology and Design. «TEiOOD» Department, Kunayev Street, 43, 050051, Almaty, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).